




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


МАГИСТРАТУРАҒА
ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушыларды қабылдау тәртібі	6
3	Қабылдау комиссиясының жұмысы	6
4	Оқуға қабылдау және қабылдау мерзімдері, шарттары	9
5	Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі	12
6	Апелляцияны өткізу тәртібі	14
7	Қорытынды ережелер	14



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Магистратураға қабылдау туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына магистратурада оқуға қабылданушыларды қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларына.

1.3 Университеттің лицензиялары бар және келесі дайындық бағыттары бойынша магистратураға қабылдауды жүзеге асырады:

- 7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау;
- 7M021 - Өнер.

1.4 Университет магистратураның келесі білім беру бағдарламалары БББ бойынша білім береді:

Кесте 1

Магистратураның білім беру бағдарламалары



КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

5-нұсқа:
27.03.2024

МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

3 бет

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының шифрі	Білім беру бағдарламасының атауы
1	7M01 Педагогикалық ғылымдар	7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	M006 - Музыка педагогтарын даярлау	7M01401	Музыкалық білім
2	7M01 Педагогикалық ғылымдар	7M014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	M006 - Музыка педагогтарын даярлау	7M01402	Музыкалық орындаушылық және педагогика
3	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M023 - Аспаптық орындау	7M02101	Аспаптық орындау - Фортепиано
4	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M023 - Аспаптық орындау	7M02102	Аспаптық орындау - Ішекті аспаптар - АВАК
5	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M024 - Вокалдық өнер	7M02103	Вокалдық өнер
6	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M025 - Дәстүрлі музыкалық өнер	7M02104	Дәстүрлі жыр (Айтыс)
7	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M024 - Вокалдық өнер	7M02105	Вокалдық өнер (бейіндік бағыт)
8	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M037 - Арт-менеджмент	7M02106	Арт-менеджмент
9	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M022 - Музыкатану	7M02109	Музыкатану



КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

5-нұсқа:
27.03.2024

МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

4 бет

10	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02116	Сценография (түрлері бойынша)
11	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02117	Сценография - Театр техникасы және спектакльді көркемдеу
12	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02119	Театр, кино және ТД гримінің сценографиясы
13	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M023 - Аспаптық орындау	7M02122	Аспаптық орындау - Ішекті аспаптар - Скрипка
14	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M023 - Аспаптық орындау	7M02123	Аспаптық орындау - Үрлемелі және соқпалы аспаптар
15	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M027 - Дирижирлеу	7M02126	Оркестрлік дирижерлеу
16	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M027 - Дирижирлеу	7M02127	Хорды дирижерлеу
17	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M026 - Композиция	7M02130	Композиция
18	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02132	Кинотану
19	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02133	Кинотеледраматургия
20	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02134	Мүсін



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

5-нұсқа:
27.03.2024

МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

5 бет

21	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02136	Театртану
22	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M025 - Дәстүрлі музыкалық өнер	7M02141	Дәстүрлі ән
23	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M025 - Дәстүрлі музыкалық өнер	7M02142	Халық аспаптары (Домбыра)
24	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M025 - Дәстүрлі музыкалық өнер	7M02143	Халық аспаптары (Қобыз және ОХА)
25	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M025 - Дәстүрлі музыкалық өнер	7M02144	Дәстүрлі жыр
26	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M028 - Режиссура	7M02161	Режиссура, кино және теледидар продюсерлігі
27	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M034 - Өнертану	7M02162	Өнертану
28	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M028 - Режиссура	7M02163	Драма театрының режиссурасы
29	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M032 - Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	7M02164	Операторлық өнер
30	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M028 - Режиссура	7M02166	Көркем фильм режиссурасы
31	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M029 - Театр өнері	7M02171	Драма театры және кино артисі

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

32	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M030 -Эстрада өнері	7M02181	Эстрада өнері - Эстрада вокалисі
33	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M021 Өнер	M033 - Бейнелеу өнері	7M02107	Кескіндеме (түрлері бойынша)

2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

2.1 Университет магистратурасында оқытуға құжаттарды қабылдау және оқуға тіркеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сай іске асырылады.

2.2 Университет магистратурасының білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және Университетті даярлау бағыттары бойынша жоғары кәсіптік білімі бар азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

2.3 Магистратураға қабылдау кезінде үміткердің магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті жоғары білім алу кезінде өткен пәндермен (пререквизиттермен) айқындалатын білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттердің тізбесін Университеттің бітіруші кафедралары айқындайды.

2.4 Магистратурада оқыту ғылыми-педагогикалық бағытта іске асырылады. Оқыту мерзімі – 2 жыл, оқыту нысаны – күндізгі.


2.5 Университетке қабылданатын тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ, оқу ақысына білім алушылардың меншікті қаражаты және басқа көздер есебінен төлем жасалуы арқылы іске асырылады.

2.6 Тұлғаларды магистратураға қабылдау кешенді тестілеу (КТ) және қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.7 Магистратураға шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдау ақылы негізде іске асырылады.

3 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

3.1 Талапкерлерді магистратураға қабылдауды ұйымдастыруды және өткізуді Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

3.2 Қабылдау комиссиясы өз жұмысында осы Ережені, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқаулық хаттарын, Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) директивалық және нұсқаулық материалдарын басшылыққа алады.

3.3 Қабылдау комиссиясы Университет ректорының бұйрығымен құрылады және мүшелердің тақ санынан тұрады.

3.4 Қабылдау комиссиясының құрамына:

- Университеттің ректоры;
- Университеттің проректорлары;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- профессор-оқытушылар құрамының өкілдері.

3.5 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:


- кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- Университетке қабылданатын азаматтардың құжаттарын қабылдау, ресімдеу және өңдеу;
- оқуға қабылданушылар үшін консультациялар ұйымдастыру;
- шығармашылық емтихандарды дайындау және өткізу;
- емтихан комиссияларының жұмысын бақылау;
- апелляциялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- оқуға қабылданушыларды шығармашылық емтихандардың нәтижелерімен уақтылы таныстыру;
- қабылданушылар арасында конкурс өткізу;
- білім алушылар құрамына қабылдау туралы шешім қабылдау.

3.6 Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

3.7 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Университет қызметкерлері арасынан ректордың бұйрығымен тағайындалады.

3.8 Жауапты хатшы:

- қабылдау комиссиясының жұмысына ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;
- білім алушылар контингентін қалыптастыру мәселелеріне арналған Ғылыми кеңес пен қабылдау комиссиясының отырыстарына материалдар дайындайды;
- жастар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша кафедралар мен деканаттардың іс-шараларын үйлестіруді жүзеге асырады;
- емтихан тапсырмаларын, билеттерді, бағалау критерийлерін жасау бойынша бітіруші кафедралардың жұмысын үйлестіреді;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

- ҚР МАМ, ҚР ҒЖБМ және ҰТО құжаттарына сәйкес қабылдау науқаны кезеңінде комиссияның техникалық персоналының жұмысына басшылық жасайды.

3.9 Комиссияның техникалық персоналы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ ақылы негізде оқуға қабылданатын талапкерлерден Университет БББ бойынша оқуға құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

3.10 Қабылдау комиссиясының шешімімен және ректордың бұйрығымен Университеттің оқытушылары мен оқу-көмекші персоналынан тағайындалады:

- техникалық хатшылар;
- бағдарламашы;
- жауапты хатшының көмекшісі.

3.11 Жауапты хатшының көмекшісі қабылдау науқаны кезеңінде құжаттаманы дәл және уақтылы өндеуге дербес жауапты болады, ҰТО-мен байланысты қолдайды, техникалық хатшылар мен бағдарламашыны қажетті кеңсе керек-жарақтарымен және жабдықтарымен қамтамасыз етеді, жауапты хатшының біржолғы тапсырмаларын орындайды.

3.12 Бағдарламашы мен техникалық хатшылардың міндеттері ҰТО-ның лауазымдық нұсқаулықтарымен айқындалады.

3.13 Қабылдау комиссиясы іріктеу комиссияларының құрамын және олардың жұмыс кестесін ұсынады, олар ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.14 Шығармашылық мамандықтарға қабылданушылардың жеке істерін ресімдеу талапкер шығармашылық емтихандарға рұқсат алғаннан кейін ұйымдастырылады.


3.15 Оқуға қабылданушыларды шығармашылық емтихандарға жіберуді іріктеу комиссиялары портфолионы, ұсынылған жұмыстарды тыңдау, қарау және талапкердің таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға шығармашылық мүмкіндіктерін айқындау жолымен жүзеге асырады. Іріктеу комиссияларын бітіруші кафедралардың оқытушылары ұсынады.

3.16 Қабылдау комиссиясы талапкерлерге кеңес беру үшін оқытушылар тізімін және олардың жұмыс кестесін ұсынады, олар ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.17 Қабылдау комиссиясы бекітеді және ректордың бұйрығымен тағайындалады:

- шығармашылық емтихандар бойынша емтихан комиссияларының төрағалары мен мүшелері;
- шығармашылық емтихандар бойынша апелляциялық комиссиялардың төрағасы және мүшелері.

3.18 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9 бет

3.19 Қабылдау комиссиясының жұмысы Университеттің Ғылыми кеңесінде қабылдау қорытындылары туралы есеппен аяқталады.

4 ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ МЕРЗІМДЕРІ, ШАРТТАРЫ

4.1 Университет магистратурасына қабылданушы тұлғалар тапсырады:

1) шет тілі бойынша тестті (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз), таңдау бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын кешенді тестілеу (КТ);

2) білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан.

4.2 КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ-нің Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

4.4 КТ нәтижелері бойынша ҰТО сайтында расталатын электрондық сертификат беріледі.

4.5 Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар тұлғалар шет тілі бойынша тесттен КТ келесі тілдер бойынша магистратураға босатылады:

ағылшын тілі:


- International English Language Tests System Academic (IELTS Academic), шекті балл-кемінде 6,0;
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл-кемінде 60;
- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT), шекті балл-кемінде 498;

неміс тілі:

- Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau C1 (DSH, Niveau C1) - C1 деңгейі;

француз тілі:

- Test de Français International (TFI) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;
- Diplome d'Etudes en Langue français (DELFI) - B2 деңгейі;
- Diplome Approfondi de Langue français (DALF) - C1 деңгейі;
- Test de connaissance du français (TCF) - кемінде 50 балл.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10 бет

4.6 4.5-тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсыру туралы сертификаттарының бірі бар тұлғаларға білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ Университетке ақылы негізде қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

4.7 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және/немесе қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар елдерде шетелдік оқу орындарын аяқтаған тұлғалар 5 жыл ішінде «шет тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ-ден босатылады.

4.8 Университет магистратурасына қабылданушылар үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 5 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасы аралығында.

4.9 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде электрондық құжаттарды қабылдау жүргізілуі мүмкін.

4.10 Магистратураға қабылданушылар үшін қабылдау (шығармашылық) емтихандары тиісінше Университетте өткізіледі:


- күнтізбелік жылдың 16-25 шілдесі аралығында;
- күнтізбелік жылдың 21-28 қарашасы аралығында.

4.11 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға оқуға қабылдау емтихандары тек Университетте өткізіледі.

4.12 Шығармашылық емтихандарды және КТ тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.13 Магистратураға қабылдау үшін қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар ұсынылады:

- Университет ректорының атына еркін нысанда қабылдау туралы өтініш;
- Білімі жоғары кәсіптік білім туралы құжаттың және оған қосымшаның түпнұсқасы;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 см мөлшеріндегі 6 фотосурет;
- ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;
- Кеуде флюорографиясының суреті (түпнұсқа және көшірме);
- 065/у нысаны бойынша "Профилактикалық екпе картасы" (түпнұсқа және көшірме);

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

- электрондық үкімет порталынан алынған "Наркология" психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2Fpassport);
- электрондық үкімет порталынан алынған "Психиатрия" психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2F161_mzsr);
- Тіркеу куәлігінің немесе әскери билеттің көшірмесі (ұлдар үшін);
- КТ сертификаты;
- Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат (бар болса);
- Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- Ғылыми жарияланымдар тізімі (бар болса);
- Ғылым докторы немесе кандидаты, философия докторы (PhD) дәрежесі немесе бейіні бойынша және/немесе қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар оқытушылар қол қойған, көлемі кемінде 25 беттен тұратын (ішкі және сыртқы) ғылыми-зерттеу жұмысы профессорлар және / немесе тиісті салада үлкен тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградалары бар, жұмыс орны бойынша куәландырылған мамандар.

4.14 Ғылыми-зерттеу жұмысы кафедраның визасы болған жағдайда ғана қабылданады, дайындықтың осы бағыты бойынша дайындаушы мамандар.

4.15 4.13-тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге қабылданушының қатысуымен жүргізілетін салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.


4.16 Шет тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасы болуға тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың бірінші семестрі ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен тану рәсімінен өтеді.

4.17 Құжаттарға қағаз байланыстырғыш, 8 мөлдір файл, А5 өлшемді конверт қоса берілуі керек.

4.18 Магистратураға оқуға шекті балл 85 балл жинаған тұлғалар қабылданады, бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, шығармашылық емтихандар бойынша-әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 20 балл.

4.19 Шығармашылық емтихандар мен кешенді тестілеу нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау комиссиясы конкурстық іріктеу жүргізеді.

4.20 Ұпайлардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, жоғары білім туралы дипломдары жоғары GPA және шығармашылық емтихандар бойынша ең

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

жоғары бағалары бар азаматтар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға басым құқыққа ие болады.

4.21 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы қабылданушыға шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде басқа білім беру мекемесіне қабылдау үшін ведомостан үзінді көшірме бере алады.

4.22 Білім алушылар қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.


4.23 Мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алатын Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 "Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 «"Бакалавр" немесе "Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істегені туралы шарт жасасады.

5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Университет қабылдау (шығармашылық) емтихандарын өткізуден жиырма күнтізбелік күн бұрын магистратураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау (шығармашылық) емтихандарын өткізу кестесін ҚР ҒЖБМ-не жібереді.

5.2 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Университетте түсу емтихандарын өткізу кезеңінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

5.3 Емтихан комиссияларына ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі және / немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша және / немесе қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағы бар Университеттің профессор-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13 бет

5.4 Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және білім және мәдениет саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

5.5 Магистратураға қабылдау кезінде екі қабылдау (шығармашылық) емтихандары өткізіледі, олар нысанда өтеді:

- 1) біріктірілген емтихан;
- 2) ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғау.

5.6 Біріктірілген емтихан өткізу нысандарын, емтихан билеттерінің құрамына кіретін пәндер тізбесін, емтихан билеттерін, бағалау критерийлерін бітіруші кафедралар әзірлейді, кафедра отырыстарында талқыланады және Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

5.7 Ғылыми-зерттеу жұмысы болашақ ғылыми зерттеу тақырыбын негіздеу түрінде ұсынылады және зерттеудің мақсатын, міндеттері мен әдіснамасын, оның өзектілігін, ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңыздылығын, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысын орындау жоспарын, әдебиеттерге шолуды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтиды.

5.8 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтихандарының кестесі (өткізілетін күні, уақыты және орны, консультациялар) оқуға қабылданушылардың назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

5.9 Шығармашылық емтихандар аудио және/немесе бейне жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.


5.10 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияға оқуға қабылданушыны жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

5.11 Магистратураға қабылданушылар үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.12 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен және Комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді, олар нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына Комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

5.13 Шығармашылық емтихандардың нәтижелерін қабылдау комиссиясы оларды өткізген күні жариялайды.

5.14 Университет шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға шығармашылық емтиханды еркін нысанда ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	5-нұсқа: 27.03.2024
	МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

6 АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Университет ректорының бұйрығымен құрамы оның төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссиялар құрылады.

6.2 Апелляциялық комиссияның құрамына емтихан комиссиясының мүшелері кірмейді.

6.3 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам бағалауға келіспеудің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді.

6.4 Апелляцияға өтініш шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

6.5 Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

6.6 Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

6.7 Апелляцияларды қарау барысында шығармашылық емтиханға баға қоюдың дұрыстығы ғана тексеріледі. Апелляция қайта емтихан тапсыру емес.

6.8 Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6.9 Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

7.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.